



Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

Республика Казахстан, 010000,
город Астана, ул. Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

№ 210н/к

02.09.2024

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жауапкершілікті жүктеу туралы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына сәйкес, ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметін жүзеге асыру міндеті директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А. Аманова мен Ж.О. Копбаеваға жүктелсін.

Жоғарыда аталған тұлғаларға:

- Ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру;
- Қызметкерлер мен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау арналарының қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеттелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А.Дюсенова